



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

## АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Эпикур, стоиктер және скептиктер  
эпистемологиясы



**Мақсаты** – Эпикур, стоиктер мен септиктер философиясындағы эпистемологиялық мәселелерді қарастыру.

**Жоспары:**

1. Эпикур эпистемологиясы.
2. Стоицизм эпистемологиясы.
3. Скептицизм эпистемологиясы.

**Түйін сөздер**

Түйсіктер, ұғымдар, сезімдер, когнитивті қабылдау, мінсіз әсерлер, ажыратылмайтын элементтер ұқсастығы.

Эпистемология эллиндік дәуірде Платон мен Аристотельдің кезеңімен салыстырғанда философияның іргелі мәселесіне айналды. Эпикур алғаш болып эпистемологияны философияның жеке саласы ретінде қарастырды. Ол оны «канондық» деп атады, гректің дұрыс немесе өлшеуіш дiңгек мағынасын беретiн «канон» сөзiнен шыққан. «Канондық» деген сөзден басқа Эпикур және көптеген эллиндік философтар «критерий» сөзiн жиi қолданады. Эпикурдың ойынша, ақиқаттың үш өлшемі – түйсік, ұғым (prolepseis) және сезім. Түйсік Эпикур үшін бiлiмнің негiзi саналды және оларды дұрыс объектілерге қатынасында қателеспейтiн нәрсе деп есептеді.

Лукреций Эпикурдың бұл пікірін өзінің атақты поэмасында сипаттап беріп, Аристотель секілді өзіне қажетті объект тұрғысынан бiр сезiм екiншi сезiмдi өзгерте алмайды деп көрсетеді. Бірақ Аристотельмен салыстырғанда, эпикурлықтар сезім өзінің әсерленуін түзете алмайды деп одан ары бойлайды: әр әсер өзі үшін берік, сондықтан барлық нәрсе – белгілі бiр мағынада, белгілі бiр сәтте ақиқат.

Барлығын сенiмдiлiк тұрғысынан реттеудiң орнына, оларды бiр деңгейде қарастырып, эпикурлықтар Аристотельдiң қарама-қайшылықты әсерлердiң байланысы әдiсiн қолданыстан шығарды, мысалы, алыстан дөңгелек болып көрiнген мұнараның жақындағанда төрт қырлы болып шығатыны сияқты жағдайлар. Оның орнына олар мұндай жағдайда бiзде екi түрлi объектiден туындайтын өзара тең қос түрлi әсерлену болады деп сендiрдi. Секст Эмпирик мұндай проблемамен Эпикурдың қалай айналысатынын түсiндiредi, ол заттардың атомистiк түсiнiктерiн көмекке шақырып, олардың образдары мен сыртқы көрiнiстерi қалайша байланыстырылатынын бейнеленедi.

«Қашықтықтан адамның көзi мұнараны кiшкентай және дөңгелек iспеттi көрiп, жанына келгенде үлкен және төртбұрышты түрiнде көрсе, онда мен көзiмiз алданды деп айтпас едiм. Бұл – дұрыс әсер. Бiр нәрсе кiшкентай және бiр формада көрiнсе, шындығында ол кiшкентай және сондай формада, себебi оның бейнесi қашықтан ауа арқылы жеткенде, оның қырларын көрсететiн бейне сәл өшiрiледi. Ал объект үлкен және басқа формада көрiнгенде, ол тағы да солай болады. Бірақ бұл екi бейне бiр емес».

Эпикур бiр нәрсенiң осындай екi шағылысуы туралы жалпы әсерiмiз бiздiң қабылдауымыздан емес, «бұрмаланған сенiмiмiзден» дейдi. Сол сияқты ол көрген түстер мен жаңсақ пiкiрлерге байланысты сезiмдердiң кәмiл екенiне қарсы келгендермен қақтығысады. Орест өзі фурияларды көрдiм деп ойлағанда, оның көзi алданған жоқ, өйткенi, олар нағыз бейнелер едi; Алданған – оның ақылы, себебi ол қабылданғанды қатты дене деп санады. Бiз сезiмдiк әсерлерден (phantastike epibole) айқын болса да, қасында қосалқы жүретiн сенiмдi дәл ажырата алуымыз керек. Сонымен, сезiмдер ақиқаттың алғашқы критерийлерi болғандықтан, өздерiнiң мiнсiздiгiне қарамастан, бiздiң бiлiмiмiздi құруға аз-кем негiз бердi. Бiз критерийлердiң екiншi құрамына, атап айтқанда, ұғымдарға назар аударуымыз керек.

Эпикурдың «prolepsis» сөзi көбiне «сыңаржақтылық» деп аударылады, дегенмен ол қателiкке әкеледi, себебi бұл iшiнара қате пiкiр, iшiнара тұтас сөйлеммен берiледi, ал бiздiң келтiрген мысалдарымыздың көпшiлiгi «дене», «адам», «сиыр», «қызыл» деген сияқты бiр сөзбен берiледi. Ұғым – қандай да бiр нәрсенi сөзбен белгiлейтiн жалпы түсiнiк (мысалы, «Сиыр – осындай-осындай түрге жататын жануар» сынды парафразада немесе сөйлемде сипатталуы мүмкiн). «Prolepsis» дегендегi «pro» жалғаулығы – X туралы ұғым X-тың өз



тәжірибесінен шыққан деректердің жинағын емес, сол X туралы білетінімізге нақты пенденің сәйкестігін анықтайтын үлгі. Түсінікті дәлелдеу керек емес: ол кез келген дәлелдердің ішінде пайдаланылады. Эпикурдың өзінде де, оның ізбасарларында да түсініктердің қайдан шығатыны белгісіз. Олардың бәрі тәжірибенің нәтижесі бола алмайды, себебі, тәжірибенің негізінде жатқан сезімдерді реттейтін құралдарды береді. Дегенмен олардың кейбірі, бәлкім, Құдай деген ұғым сынды қате түсіндірген тәжірибенің нәтижесі болуы мүмкін.

Эпикур үшін сезім мен түсініктер – «айқын» нәрселер (сезімдер сияқты, бірақ, олар туралы басқа мәнмәтінде сөз болады). Айқын емес кездегі сенімдерімізді негіздеуге тиісті айқын элементтер. Егер сезімдер оларға қарсы айғақ болса, ендеше болжамдар мен теориялар жалған. Егер сезіммен бекітілсе, онда болжам дұрыс; егер сезімдердің дауын туғызбаса, онда теория дұрыс. Соңғы тұжырым ғажап сияқты: дәлелдерге сәйкес келмейтін шынайы теориялар болуы мүмкін бе? Эпикурлықтар мұндай мүмкіндікті қабылдады; Сөйтіп, Лукреций тақтаның үстінде жатқан мүрденің өліміне себеп болған бірнеше жорамалдың болғаны сияқты, жұлдыздың да қозғалысы туралы бірнеше түсіндірме болуы мүмкін деген ойға тоқтайды. Мұндай жағдайда бәрі де қабылданады: біз бұл әлемде ненің ақиқат екенін білмесек те, олардың әрқайсысы ғарыштың көп әлемінің бірінде немесе екіншісінде дұрыс болуы әбден мүмкін.

Алғашқы стоиктер білімнің табиғаты туралы пайымдарын эпикурлықтармен бөлісті. Эпикурлықтар сияқты, олар да қосарланған талассыз білім – сезімдік әсерлер мен қалыптасқан қарапайым тұжырымдамаға негізделуі қажет деп сенді. Ұғым тақырыбына келгенде стоиктердің білетіні эпикурлықтармен салыстырғанда көбірек еді, ұғымдардың шығу тегі жөнінде берген сипаттамалары Аристотельдің ойына ұқсас болатын. Адам дүниеге келгенде оның санасы таза парақ сияқты, ақыл дамыған сайын сол парақтың бетіне түсер жазулар көбейе береді. Ең алғашқы ұғымдар сезімдерден шығады: жеке күйзелістер есте сақталады, ал ес – тәжірибені жинақтайды. Кейбір ұғымдар оқу арқылы немесе нақты бір мақсаттарға байланысты құрылады; басқалары табиғи жолмен және өздігінен пайда болады және нақ осылар «prolepsis» деген атауға лайық. Ондай ұғымдар барлық адамдарға ортақ: тек нақты жағдайларда қолданылған кезде ғана олардың арасында келіспеушілік туындайды. Мысалы, бір іс-әрекетті біреу батылдық десе, екінші біреу ақымақтық деуі мүмкін.

Эпикурлықтармен салыстырғанда, стоиктер психологиялық күйдің күрделі жіктелісін түзді. Олар скептикалық сауалдарға қарсы тұра алатын эпистемологияны ұсынғысы келді. Платон заманынан қарсы қойылып келген білім (episteme) мен сенім (doxa) сынды екі түрлі ұғыммен қатар, таным (katalepsis) деген үшінші ұғымды шығарды.

Білімді анықтауға жаңа элемент қосылады: білім – дәйектің арқасында өзгеріссіз. Мұны дұрыс мағына деуге болады. Егер мен өзгелерді «р дегеннің не екенін білемін» деп сендірсем, онда басқа нәрселермен қатар, маған ешкім де «р-ға сенбейді» деп қарсы келмейтінін пайымдаймын. Мен «р» жөнінде айтып, бірақ, оны білетініме сенімдімін демесем, онда мен «р емес» деген тұжырым үшін ашық адаммын. Бұл жағдайда сенім әлсіз келісім дегенді білдіреді. Бұл сонымен бірге (мүмкін) жалған да болар: «X р дейді, ал р жалған» және «X р-ны біледі, ал р жалған» деген тұжырымдарда абсурд ештеңе жоқ. Осы үзінділердегі ең қызықты сәт – танымды когнитивті қабылдау (phantasia kataleptike) тұрғысынан беріледі.

«Қабылдау» – кең термин, оған тек сезім арқылы берілген нәрселер ғана енбейді, сонымен қатар, сендірудің басқа да түрлері қосылады. Таным сезімнің немесе ақылдың нәтижесі болуы мүмкін. Қабылдау – сеніммен бірдей нәрсе емес: сенім, келісім сияқты қосымша элементті қажет етеді, қабылдаумен салыстырғанда келісім – ерікті жұмыс. Егер келісімге қол жетсе, онда қабылдау танымдық болады. Таным білім мен сенімнің арасында тұр, сенімге қарағанда ол ешқашан жалған емес және білімге де ұқсамайды, өйткені келісім беру өз ойыңды ешқашан өзгертпеу дегенді білдірмейді.

Стоиктер, қабылдауды олардың сенімділігіне қарай төрт топқа бөлді:

1. Сенімді; мысалы, «бұл күндіз», «мен айтып тұрмын».
2. Сенімді еместер; мысалы, «егер қараңғы болса, онда күндіз».
3. Сенімді және сенімді еместер; мысалы, философиялық парадокстар.
4. Сенімді де емес, сенімсіз де емес; мысалы, «барлық жұлдыздардың саны тақ».



Бірақ сенімділік ақиқаттың кепілі емес: ескектің судағы көрінісі қисық, алайда бұл – жалған әсер. Дана адам барлық сенімді нәрсеге құлай кету мүмкіндігіне қарсы тұратынына және тек сенімді ғана емес, сонымен бірге ақылға қонымды құбылыстардың бәріне келісуді шектейтініне күмән жоқ. Сонымен, Посидонийдің айтуынша, алғашқы стоиктердің кейбірі ақиқаттың критерийі ретінде танымдық әсерлерді ұсынып, критерийді дұрыс себеп деп анықтаған. Алайда мәселе күрделене түсті. Танымдық әсерлерге негізделген зерделі әсерлер де қосылды. Король Птолемей Филопатор нағыз анардың орнына балауыздан жасалған анарды бергенде, алданғанын түсінген стоик өзінің мынау анар дегенге келіспегенін, бірақ, оның анар екеніне сену орынды (eulogon) деген пайымдауға келіскенін айтады. Зерделі әсер, оның сөзінше, жалғанмен тіл табыса алады. Егер солай болса, онда шамасы, қабылдау когнитивті ме, әлде жоқ па деп бағалаудың өзі зерденің мәселесі бола алмайды. Алғашқы стоиктер танымдық әсерлердің ерекшеліктерін анықтауға қатысты қосымша көмек бере алмайды.

III ғасырдың екінші жартысында стоиктердің осал тұсын Жаңа академияның басшысы Аркесилай тапты. Ол стоиктердің когнитивті әсер туралы анықтамаларын «бірдеңмен жабылған, соның әсерімен бекітіліп тасталған әлдене тек сондай ғана бола алады» деп қарсы шықты. Жалған әсерді ақиқаттан айыруға болмай ма? – деп сұрады ол. Зенон, егер әсер бойынша жалған дәл сондай болса, онда ол (ақиқат болса да) когнитивті әсер бола алмайды деген оймен келісті. Сәйкесінше, «мұндай қабылдау өзі бола алмайтын нәрседен пайда болмайды» дегенді қосып, анықтаманы өзгертті. Бірақ, стоиктердің мұндай қатесіз ерекше таңбаларды табу қажет жағдайларды қалай анықтайтыны түсініксіз, скептиктердің шынайы қабылдау болған жерде білінер-білінбес жалған көшірме де қоса жүреді деген тұжырымына қалай жауап беретіні де беймәлім.

Стоиктердің эпистемологиясы скептиктер тарапынан таластудырғанына сірә, таңғалмаспыз. Алайда сол таласқа тасталған мәселе академиядан, Платонның ізбасарларынан шыққаны таңданарлық жағдай. Цицерон және басқа да дереккөздер академияның Аркесилай және оның ізбасары Карнеад сияқты кейінгі көшбасшылары күмәнсіз әсер болуы мүмкін еместігін көрсету мақсатында бірқатар дәйектер келтірді.

Когнитивке жатпайтын, басқа әсерлермен араласпайтын, олардан ажыратуға келмейтін сезімдерден ақиқат әсерлер туындамайды. Екі бірдей әсер ажыратуға келмейтіндей өте ұқсас болса, онда олардың бірі когнитивті болғанда, екіншісінің де сондай болмауы мүмкін емес. Сондықтан, ешқандай да әсер, қаншалықты ақиқат болса да, танымдық бола алмайды. Осы дәлелді айқындау үшін бір-біріне өте ұқсас Публий Гемин және Квинтий Гемин атты егіздерді қарастырайық. Егер біреу Публийге қарап, оны Квинтий екен десе, онда оның ол туралы әсері оның, шынында да, Квинтийге қараған кезіндегі әсерімен бірдей болады. Сондықтан оның бұл әсерленуі когнитивті болмайды: бұл Зенонның «мұндай нәрсенің өзіндей емес нәрседен шығуы мүмкін емес» деген анықтамасының жауабы ретінде қабылданбайды. Бұған стоиктер барлық жағынан бір-бірімен толық сәйкес келетін жұп объектінің болуы мүмкін емес деп жауап берді. Кейіннен «ажыратылмайтын элементтердің ұқсастығы» деген атқа ие болған тезис ұсынды: құмның екі түйіршігі немесе екі тал шаш еш мүлтіксіз бірдей болуы мүмкін емес. Академия өкілдері тезис негізсіз деп шағым айтқан; бірақ, сөз жоқ, бұл олардың ақиқат әсерлер қашанда жалған ескертпелермен шатасуы мүмкін деген уәжінен негізсіздік жағынан алысқа кеткен жоқ.

Антикалық эпистемологияны зерттеу білімнің табиғаты мен скептицизмнің шектері туралы көп нәрселерге үйретеді. Бірнеше нұрлы түсініктер барлық келешек философияның жетістігінің бір бөлігіне айналды: білім тек ақиқат көзі болуы керек; білім қандай да бір тәжірибеден, қандай да бір уәжден немесе басқа да көздерден белгілі бір қолдау тапса ғана білім болады; тек кейінгі кезеңдерде басқа ұстанымға ауысу мүмкіндігі болған сәттерді есептегенде, білімнен үміті бар адам табынды болуы керек. Алайда антикалық эпистемология бір-бірімен байланысты, бірақ екі түрлі қате пікірге орай түсінбестікке ұрынды. Ол қателіктер барлық білім ақиқат болуы керек дегенде ақиқаттың өзін дұрыс түсінбегеннен туындап отыр. Сондай қате пікірдің бірі Аристотельге дейінгі классикалық эпистемологияны титықтатқан еді; ал кейінгі адасулар эллиндік және империялық эпистемологияның соңына түсіп алды.

Бірінші қателік, білімнің бәрі ақиқат болуы керек дегенді екі әдіспен түсіндіруге болады.

1. міндетті түрде, егер р белгілі болса, онда р ақиқат немесе
2. егер р белгілі болса, онда р міндетті түрде ақиқат.



(1) ақиқат, (2) дұрыс емес. Міндетті ақиқат саналатын нәрсе егер мен сіздің отырғаныңызды білсем, себебі, сіз отырсыз, ал егер мен сіздің отырғаныңызды білсем де, бұл міндетті ақиқат емес, өйткені сіз кез келген сәтте тұрып кетуіңіз мүмкін дегенді де аңғартады. Платон мен Аристотель (2)-ні (1)-ден ажырату мүмкін емес деуден танбады. Егер білім саналатын нәрсе ақиқат болса, онда білім ешқашан қателеспейтін қабілеттілік болып көрінуі мүмкін. Эллиндік уақыттағы кең тараған қателіктің формасы осы болды. Платон және Аристотельмен салыстырғанда, эпикурлықтар мен стоиктер тек мәңгі ақиқаттар туралы білімді ғана емес, «Дион келе жатыр» деген сияқты тұрмыстық кездейсоқ ахуалдар туралы білімді де қолдауға дайын. Бірақ олардың айтуынша, егер бізде қатесіз жұмыс жасайтын қабілетіміз болғанда ғана бұл мүмкін. Бұл эллиндік адасушылық – классикалық қателіктің айнада шағылысқан бейнесі ғана. Мейлі, F белгілі бір қабілеттілікті білдірсін. Ондайда дұрыс болатыны: егер F р-ны білсе, онда F қателеседі деу мүмкін емес. Бірақ бұл – бұрынғының өзі емес, бірақ дұрыс та емес нәрсе, егер F р-ны білсе, онда F-тің қателесуі мүмкін емес. Өзінің классикалық және эллиндік нұсқаларында эпистемологиялық адасушылық шұбатылған көлеңкесімен философия тарихын тұмшалады, – деп, Кенни өз кітабының төртінші бөлімін аяқтайды.

Сонымен, біз Энтони Кенни кітабының төртінші бөлімінде қарастырған Эпикур философиясын, стоиктер мен скептиктердің эпистемологиялық мәселелерін қарастырып шықтық. Біз келесі дәрісімізде физика мәселелері талқыланатын бесінші бөлімге көшеміз.

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Эпикур бойынша ақиқат өлшемдері?
2. Стоиктер қабылдауды сенімділік тұрғысынан қалай жіктеді?
3. Стоиктер эпистемологиясының әлсіз жері қандай болды?
4. «Ажыратылмайтын элементтер ұқсастығы» принципінің мәні?
5. Ежелгі эпистемологтардың қандай түсініктері барлық философия мұраларының бір бөлігі болды?
6. Антикалық эпистемологияда қандай қателіктер кездеседі?

### Әдебиет

1. Kenny A., (2012) A New History of Western Philosophy – In Four Parts, Clarendon Press Oxford.
2. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Ауд. М. Л. Гаспарова. Жалпы ред. А. Лосева. («Философское наследие» топтамасы). – М., Мысль, 1979. – 624 б.
3. Чанышев А. Н., Курс лекций по древней философии. – М., 1981.